# Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 3276 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18* N 829 *Жарлығымен.*

"Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 Жарлығын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған қоса беріліп отырған мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстар, қалалар, аудандар әкімдері Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 3276 Жарлығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы "Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 Жарлығын орындау үшін әзірленді.

**Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі 1996-2000 жылдар**

**I. Негізгі мақсаттар мен міндеттер**

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет ең төменгі өмір сүру деңгейінің кепілдігін қамтамасыз етеді, ең аз апталық белсенді қимыл көлемін қамтамасыз етумен әрбір азаматтың жеке өмір сүру стандартын қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

1. Бағдарламаның негізгі мақсаты - Қазақстанда дене мәдениеті мен спортты дамытудың стратегиясы мен тактикасын жасау, саланы басқарудың ықтимал жолдары мен қазіргі заманғы ыңғайын айқындау. Мемлекетте дене мәдениеті мен спорттың дамуын жаңа сападағы деңгейде шығаруға қабілетті материалдық-техникалық базаны нығайту, ұйымдық-әдістемелік, насихаттық және тәрбиелік шаралардың бірыңғай кешенін әзірлеу. Халықаралық аренада Қазақстан Республикасының жоғары спорттық беделін нығайту.

2. Осы мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

қоғамда салауатты өмір салты принциптерін орнықтыру, денсаулықты сақтау мен нығайту мақсатында дене мәдениеті және спорт ісіне елдің қалың көпшілігін тарту;

балалар-жасөспірімдер спортын дамыту, кәмелетке толмағандар арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында балалар мен жеткіншектердің спорт секциялары мен клубтарына қамтылуын арттыру;

дене мәдениеті мен спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту, дене мәдениетімен және спортпен шұғылданатындарға рекреациялық ғимараттардың ашық болуын арттыру;

дене тәрбиесі процестерін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру, жаңа дене тәрбиесі-сауықтыру технологияларын құру, дене-тәрбиесі сауықтыру және спорттық қызметтерді ұйымдастырудың жаңа нысандарын іздестіру, эксперименталды мақұлдау және кең түрде қолдану;

дене тәрбиесі мен спорттың дамуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілер әзірлеу;

салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі ақпаратты-ағартушылық және насихаттық қызметті күшейту;

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қамтамасыз ететін барлық құрылымдардың секторaралық тетіктерін шоғырландыруды жетілдіру;

халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарымен жұмыс істегенде, жеке тұрғыдан келу талаптарына сәйкес дене мәдениеті кадрларын даярлау жүйесін қайта құру;

отандық дене мәдениеті-спорт индустриясын қалыптастыру және одан әрі дамыту.

## II. Ахуалға баға беру

1. Жүрек-қан тамыры ауруларына шалдығудан және тыныс органдарының ауруларынан өлім деңгейінің жоғары болуы, өмір жасының қысқаруы, уақытша

соның ішінде салқын тиіп аурудан еңбекке жарамсыздық ауқымы халықтың дене мәдениетінің жеткілікті болмай отырғанын айғақтайды. Қазақстанның ересек халқының арасында жүз адамның ішінен 8 адам ғана дене тәрбиесімен және спортпен тұрақты шұғылданады.

Оның үстіне, ұйымдар мен мекемелерде, сондай-ақ тұрғылықты жерлер мен демалыс орындарында дене мәдениетін сауықтыру және сақтандыру жұмыстарының жүйесі іс жүзінде жоқ.

2. Республикада дене тәрбиесі-сауықтыру және спорт мамандары спорттық-туристік мақсаттағы тауарлар өте-мөте жетіспейді.

Әсіресе білім беру жүйесінде қиын жағдай қалыптасып отыр. Жалпы білім беретін мектептердің тек 56,5 процентінің ғана үлгілі спорт залы, 14,9 процентінің дене мәдениетімен шұғылдану үшін ыңғайланған үй-жайы бар. Тұтастай алғанда қабылданған есеп нормативтеріне шаққанда спорт жабдықтарымен процenттік қамтамасыз етілу: спорт залдары бойынша - 24,45 процентті, жүзу бассейндері бойынша - 35,5 процентті, жазықтық жабдықтары бойынша - 19,9 процентті, шаңғы базалары бойынша - 37,9 процентті құрайды.

Қазақстан Республикасындағы жалпы және кәсіби білім беретін мекемелелердегі білім алушылар үшін оқу сағаттарының көлемі ғылыми-негізделген нормативтерден 3-4 есе төмен. Сонымен бірге, балалар мен 14 жасқа дейінгі жеткіншектердің 15 проценттен астамы түрлі салқын тиген және созылмалы ауруларға шалдыққан. Мұның үстіне, денсаулық жағдайы бойынша арнаулы дәрігерлік топқа жатқызылған мектеп оқушыларының 23,5 проценті үшін ғана арнаулы топтарда оқуға жағдай жасалған.

3. Соңғы жылдары балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен балалар-жасөспірімдер дене тәрбиесі дайындығы клубтарының саны едәуір қысқарса, онымен бір мезгілде олардағы жаттықтырушы-оқытушылар 25 проценттен және оқитын балалар мен жеткіншектердің саны 36 проценттен аса қысқарып кетті. Тұтастай алғанда республикадағы дене мәдениеті-сауықтыру жұмысының жай-күйі мемлекеттен жедел нақты шаралар қолдануды талап етеді.

**ІІІ. Күтілетін нәтижелер**

1. Қоғамда салауатты өмір салтын орнықтыру, демографиялық ахуалды жақсарту үшін жағдай жасау.

2. Жастардың жұмыспен қамтылуының өсуіне жәрдемдесу, балалар мен жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыруды бақылауға алу. Жеткіншек ұқпақтың арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу.

3. Дене тәрбиесі мен спортпен шындап шұғылданатын азаматтардың санын 30-50 процентке көбейту және оның нәтижесі ретінде халықтың ауруға шалдығу деңгейін 10-12 процентке кеміту.

Бағдарламаны барынша толық орындаған жағдайда еңбекке қабілетті жастағы

ауруға шалдығу мен өлім-жітімнің деңгейін кемітуден келген жыл сайынғы экономикалық тиімділік оны іске асыруға кеткен шығынға шаққанда 250-300 процентті құрайды.

## IY. Бағдарламаны қаржыландыру

Бағдарламаның негізгі шаралары дене мәдениеті мен спортты дамытуға арналып республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттерден және бюджеттік емес көздерден бөлінген қаражаттардан қаржыландырылады.

## Y. Бағдарламаның орындалуына бақылау жасау жүйесі

1. Бағдарламаны жүзеге асыруға жалпы бақылауды Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі іске асырады.

Бағдарламаның жекелеген бөлімдерінің орындалуына министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа да орталық атқарушы өкімет органдары, әкімдер, ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары бақылау жасайды.

## YI. Қазақстан Республикасынде дене мәдениеті мен спортты дамытудың негізгі бағыттары

Халыққа дене тәрбиесінен білім беру және практикалық оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін дене тәрбиесі қаражатын мақсатты пайдалануда мемлекеттің қазіргі әлеуметтік-экономикалық ахуалы, Республика аймақтарының климаттық-географиялық ерекшеліктері, халықтың демографиялық ерекшеліктері мен еңбек қызметінің сипаты, сондай-ақ адамның дене тәрбиесін жетілдіру перспективалары ескерілуі керек.

**Дене тәрбиесін қайта құру мен оңтайландыру процесінің негізгі бағыттары мыналар:**

1. Денсаулықты нығайтуды, қимыл қабілеттері мен қажетті және мүмкін болатын дене іс-әрекеті деңгейін жан-жақты дамытудың қамтамасыз ететін мектепке дейінгі және мектептегі дене тәрбиесі сабақтарының базалық мазмұнын жетілдіру. Мектеп жасына дейінгілердің аптасына 10-12 сағат ғылыми-негізделген белсенді қимыл көлемін орындауы.

2. Халықтың жас топтары үшін қазіргі жаттықтыру бағдарламаларының түрлерін пайдалана отырып, мектептегі сабақтардың негізгі бөлігінің мазмұнын толықтыратын дене мәдениетін ұйымдастырудың мектептен тыс нысандарын жетілдіру.

3. Оқушылар мен студент жастардың кластан тыс және сабақтан тыс оқу сағаттарын ұйымдастыру нысандарының жүйесін жетілдіру, шығармашылық бастамаларын, белсенді демалыс жабдықтарын өз бетінше және өз әрекетімен таңдап алуын қолдау. Жасөспірімдердің дамуының ерекшелігін ескеріп, 5 сыныптан бастап ұлдар мен қыздарды бөлек оқытуды енгізу. Студент және оқушы жастардың аптасына 8-10 сағат белсенді қимыл көлемін орындауы.

4. Дене мәдениеті мен спортты азаматтардың еңбегі мен демалысын

ұйымдастыру жүйесіне енгізу, өндірістік гимнастика емдік дене тәрбиесі ісінің сауықтыру маңызын күшейту, еңбек белсенділігі мерзімін ұзарту үшін дене шынықтыру жаттығуларын ұтымды пайдалану мақсатында еңбекшілердің кәсіби, жас, білім ерекшеліктерін есепке алу.

Жұмыстан бос уақытта аптасына 3-4, 5 сағат белсенді қимыл көлемін орындау үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету.

5. Жастарды кәсіби бағдар алуға даярлау және жасөспірімдерді армияда қызмет етуге даярлау мақсатында спорттың кәсіби-қолданбалы түрлерін дамыту.

6. Белсенді демалыс нысандарымен дене мәдениетімен байланысты ұлттық дәстүр негіздерін, олардың мазмұнын дәстүрлі дене мәдениеті талаптарымен жақындастыра отырып қазіргі дене тәрбиесі жүйесіне әзірлеу және енгізу.

7. Белсенді ұзақ жасауды ынталандыру, еңбекке жарамсыз азаматтарды дене мәдениетімен шұғылдануға тарту мақсатында мосқал және зейнетақы жасындағы адамдардың қимыл режимін оңайландыру үшін дене мәдениеті мен спорт жабдықтарын өнімді пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу.

8. Дене мәдениеті мен спорт саласында жаңашыл идеяларды зерделеу және ресми мақұлдау, жұмысты ұйымдастырудың жаңа нысандарын тарату үшін оқу-әдістемелік орталықтар (бірлестіктер, қызметтер) құру.

9. Халыққа ақылы қызмет көрсету үшін денсаулық орталықтарының дене мәдениеті-сауықтыру топтарының, секцияларының, диспансерлері мен консультативтік қызметтердің, емдеу-сауықтыру кабинеттерінің кең топтарын құру.

## ҮІІ. Халықтың дене тәрбиесі мен саладағы ғылыми зерттеулерді басқару жүйесі

Дене тәрбиесін басқару құрылымды ықшамдау мен орталық және жергілікті атқарушы өкімет органдарының құқықтары мен міндеттерінің ара жігін анық ажырату, халықтың арасында дене мәдениеті-сауықтыру және спорттық жұмыстарды ұйымдастыруда әуесқойлық және қоғамдық бастауларды қолдау негізінде жүзеге асырылуы керек.

1. Орталық атқарушы органдар бұқаралық дене мәдениетін одан әрі дамытудың жалпы стратегиясы мен перспективаларын айқындайды, бағдарламалық-мақсаттық және ұйымдық-әдімтемелік шаралардың жүзеге асырылу барысында, оқу-тәрбие жұмыстары бойынша кешенді жоспарлардың орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етеді; халықтың дене тәрбиесі дайындығының деңгейін айқындайтын ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуына, тестілерді әзірлеу мен енгізуге жауапты болады.

2. Жергілікті атқарушы органдар дене мәдениеті-бұқаралық және спорт жұмыстарына қойылатын негізгі талаптарды, қолда бар материалдық-техникалық базаны, сондай-ақ аймақтың жағдайын ескере отырып, жұмыстың бағыттарын

пысықтайды; қоғамдық дене мәдениеті-спорттық бірлестіктердің қызметіне жәрдем көрсетеді.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұқаралық дене тәрбиесі мен спорттың практикасын байытуға мүмкіндік беретін іргелі-қолданбалы, тәжірибелік-педагогикалық және әлеуметтік зерттеулердің дамуына жәрдемдеседі.

## YIII. Кадрларды даярлау және мамандардың біліктілігін арттыру жүйесі

Бұқаралық спорт проблемаларын табысты шешу үшін мыналарды қамтамасыз ету керек;

1. Жаңа мамандықтарды енгізуді ескере отырып, саланың ғылыми кадрларға мұқтаждығы.

2. Жекелеген аймақтардың спорттық қызметкерлер кадрларын мұқтаждығы және олардың арнаулы семинарларда, соның ішінде шаруашылық есеп негізінде дайындығы.

3. Ұлттық, дәстүрлі емес және спорттық-техникалық спорт түрлерін дамытуды ескере отырып, қазіргі талаптарға сәйкес курстық даярлау және қайта даярлау жүйесін қайта құру.

## IX. Саланың материалдық-техникалық базасы мен қаржылық қамтамасыз етілуін дамыту

1. Материалдық-техникалық базаны дамыту нормативтік актілер талаптарына сәйкес және мыналардың есебінен жүзеге асырылуға тиіс;

қолда бар спорт ғимараттарын, қолданымдағы спорт алаңдарын қайта жаңғырту мен жаңарту;

спорт залдарын, спорт алаңдарын, спорт кешендерін шағын комплектілі және спорттық әмбебап керек-жарақтармен қосымша жабдықтау;

адамдардың көп тұратын және демалыс орындарында қымбат емес спорт алаңдарын, спорт залдары мен спорт ғимараттарын салу;

тұрғын үй кеңістігі аумақтарында ойын және серуен алаңдарын, жүгіру жолдарын, велосипед және шаңғы трассаларын, көпшілік жарыс және спорттық старт өткізу орындарын жоспарлау және салу;

ірі оқу орындары мен кәсіпорындар базасында мәдени-спорт кешендерін құру ;

жалпы білім беретін мектептердің, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің, мәдениет үйлерінің спорт ғимараттарын пайдалану.

2. Бұқаралық дене мәдениетін ұйымдардың, жеке тұлғалардың қайырымдылық, спорттық-ойын-сауық шараларын өткізудің табыс бөлігін кеңейту, ақылы сауықтыру қызметтерін ұйымдастыру қаражаттары есебінен қаржыландыру.

3. Бұқаралық спортты дамыту үшін қажетті қаржылық нормативтерді айқындау және бекіту.

4. Аймақтардың экономикалық әлеуметтік даму жоспарына түзету енгізу, " Дене мәдениеті мен спорт" бөлімін жеке бөліп көрсету.

5. Бұқаралық дене мәдениетін дамытудың қоғамдық қорларын құру.

## X. Ақпараттық-насихаттық жұмыс

1. Ақпараттық насихаттық жұмыс мыналарға бағытталуға тиіс:

азаматтардың салауатты өмір салтына бейімделуіне;

дене тәрбиесі мен адамгершілік қасиеттерін, білімдерін, дағдыларын жетілдіруге;

жағымсыз әрекеттерді жоюға және дене тәрбиесі мен спортпен шұғылдану үшін оңтайлы жағдай жасауға;

аурудың алдын алуға, еңбекпен сауықтыруға, белсенді ұзақ өмір сүруге.

2. Халықты хабардар ету жөніндегі жұмыс жан-жақты дене тәрбиесі даярлығының артықшылығын дәлелдеуге құрылуға тиіс, ғылыми негіз болуы керек; халыққа спортпен шұғылданудың гигиеналық, физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік ықпалының негіздерін түсіндіру қажет.

3. Дене тәрбиесі және спортпен шұғылданудың таралуын халықпен жұмыс істеуге танымал спортшыларды, рекордсмендерді, еңбек сіңірген шеберлер мен жаттықтырушы-педагогтарды тарта отырып, жүзеге асыру қажет.

4. Азаматтардың өз бетінше білімін көтеруге, спортпен жүйелі шұғылдану мүддесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін көпшілік баспа өнімдерін, әдістемелік құралдар, басқа да көрнекі материалдар шығаруды қарастыру қажет.

## XI. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі бағыттары

1. Қазақстан Республикасы халқының күнделікті тұрмысына дене тәрбиесі мен спортты енгізу проблемаларының ерекшелігі алдымен азаматтардың бойында, әсіресе бала жастан саналы түрде денені жетілдіру қажеттігін қалыптастыруда болып отыр.

Салауатты өмір салтының негізі болып табылатын күн сайынғы дене мәдениеті-спорт ісіне мәдени машықтану мектепке дейінгі ерте бала жастан дағдыға енуге және мектепте, басқа оқу орындарында беки түсуге тиіс. Бұл проблемаларды шешу балалармен әсерлі ойын оқу сағаттарын, әдеттегідей, ашық ауада тұрақты түрде, оның мазмұнын толықтыра отырып жүргізуді талап етеді.

Мектепке дейінгі мекемелер мен оқу орындарындағы дене шынықтыру жаттығулары оқуына жаттықтырушы ықпал ететін, организмнің қызмет ету мүмкіндіктерін арттыратын, организмнің барлық физикалық қасиеттерін үйлесімді дамытатын жан-жақты дене дайындығы негіз болуға тиіс. Бұл проблеманы шешудің неғұрлым тиімді жолы спорттың белгілі бір түрі немесе

белсенді қимылы оқу сағаттары арқылы (әсіресе 12-13 жас шамасынан бастап) болады.

2. Оқушылардың спорт түрлеріне және дене шынықтыру жаттығулары жүйелеріне деген мүддесін ескере отырып, оқу жұмысынан оқудан тыс жұмысқа біртіндеп көшуді, мектептің дене мәдениеті сабағын дене тәрбиесі білімі сабағына айналдыруды, денені жетілдіру мен салауатты өмір салтына деген тұрақты қажеттілікті тәрбиелеуді қамтамасыз ету қажет. Осы мақсаттар үшін мыналар қажет:

сабақтарда табиғат факторларын ұтымды пайдалануға, еңбек пен демалысты қабыстыра білуге үйрету;

дұрыс қимылдау, тыныс алу, тамақтану, шынығу;

дене жаттықтыру негіздеріне, жаттығудың көлемдері мен үдемелілігін қабыстыра білуге, жаттығуды дұрыс орындау мен оның жүйелілігіне үйрету;

организмнің қызмет ету мүмкіндіктері, дене жаттығулары ісінің гигиенасы, өзіне-өзі сылау жасау мен техника қауіпсіздігі негіздері туралы қажетті теориялық білім көлемін беру.

3. Спорт инфрақұрылымының ахуалына жасалған талдау көрсетіп отырғанындай, қызмет етуші дене мәдениет-спорт базалары мен ғимараттары олар бойынша толған және үздіксіз жұмыс істеген кезде халықтың тек 20 процентінің ғана шұғылдануын, ал дене мәдениеті мамандарының жетекшілігімен шұғылданушылар мүмкіндігінің барлығы 12-15 процентін қамтамасыз ете алады.

Сондықтан неғұрлым нақтысы және қолайлысы дене мәдениеті-спортпен шұғылдану үшін қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасау, Қазақстанның әрбір азаматының жеке дене мәдениетін арттыру арқылы халықты дене мәдениеті және спортпен жүйелі түрде өз бетінше шұғылдануына бейімдеу болып табылады.

4. Осы мақсатпен мыналарды орындау қажет: жоғары өндірістік көрсеткіштерге жеткен, дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде шұғылданушы, өз денсаулығын нығайтушы және ауруға шалдығу деңгейін азайтушы ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін ынталандыратын әлеуметтік-экономикалық жұмыс жүйесін әзірлеу және практикаға енгізу, спорттың ұлттық түрлерін дамыту, фольклор фестивальдары мен спорттың ұлттық түрлерінің, оларды өткізудің барлық кезеңінде табиғи бірлік табуына қол жеткізу;

5. Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әртүрлі аймақтар мен халықтың әлеуметтік-демографиялық топтары үшін дене тәрбиесінің жекелеген бағдарламаларын әзірлегенде бастау болып табылатын негізгі принципті ережелерден тұрады.

Бағдарлама халықтың мынадай әлеуметтік-экономикалық топтары үшін дене тәрбиесінің сабақтастығын көздейді:

мектепке дейінгі балалар;

жалпы білім беретін, кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждердің оқушылары;

жоғары оқу орындарының студенттері;

әскерге шақыру және шақыруға дейінгі жастағы жасөспірімдер;

еңбекшілер;

егде жастағы азаматтар;

дене және ақыл-ой дамуында кемістіктері бар адамдар.

6. Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мыналарды көздейді:

дене мәдениеті - спорт қозғалысын басқару жүйесін жетілдіру;

дене мәдениеті - сауықтыру және спорт объектілерінің жүйесін дамыту;

дене мәдениеті - спорт мақсатындағы тауарлармен қамтамасыз ету;

салаға кәсіптік кадрлар әзірлеу және қамтамасыз ету;

дене мәдениеті - спорт шараларын өткізуді жетілдіру;

ұйымдық, ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету;

халықтың арасында дене мәдениеті мен спортты насихаттау;

жоғары білікті спортшылар мен спорттық резервті даярлау мәселелерін шешу.

**Негізгі бағдарламалық шаралар**

| N | Шаралар | Орындалу мерзімі | Қаржы шығыны |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Отбасындағы және мектепке дейінгі тәрбие мекемелеріндегі дене мәдениеті** | | | |
| 1. | Барлық қалалар мен аудан орталықтарында ақылы негізде дене мәдениеті медициналық консультациялары мен кабинеттерінің жүйесін құру | 1996-1997 жылдар | |
| 2. | Қолда бар ойын өткізетін | тұрақты | Бюджетте көздел. |

ғимараттар базасы негізінде ген қаражат шегін.
отбасылар денсаулық клубтарының де
жүйесін құру

3. Тұрғылықты жерде, кәсіпорындарда, 1996-1997
ұйымдарда, емдеу-профилакториялық жылдар
және санаторийлік-курорттық
мекемелерде, демалыс үйлерінде,
туристік базаларда дене мәдениеті
сауықтыру жұмысын жүргізу үшін
жағдай жасау

4. Салауатты өмір салтын Тұрақты
насихаттайтын дене тәрбиесінің
мәселелері жөнінде теледидарда,
радиода, басқа да бұқаралық
ақпарат құралдарында хабарлар,
айдарлар ұйымдастыру

5. Мектепке дейінгі мекемелердің 1997 жылғы
барлық түрі үшін дене тәрбиесі I тоқсан
жөнінде бағдарламалар әзірлеу

**2. Жалпы білім беретін, кәсіптік-техникалық мектептерде және колледждерде дене тәрбиесінің тиімділігін арттыру**

6. Дене мәдениеті сабағының тәрбиелік 1997 жылғы
мәнін арттыру, денені жетілдіру I тоқсан
мен салауатты өмір салтына
тұрақты қажеттілікті тәрбиелеу

7. Оқушылардың мүддесін ескере 1997 жылғы Бюджетте
отырып, дене мәдениеті жөніндегі I тоқсан көзделген
оқу сабақтарын өткізу. Ер балалар қаражат
мен қыздарды 5-11 кластан бастап шегінде
бөлек оқытуды енгізу

8. Жасөспірімдер мен балалар арасында Тұрақты
жыл сайын "Үміт жарысы","Ақ ладья",
"Ғажайып дойбы", "Тор доп", "Алтын
шайба", "Былғары доп" жарыстарын
өткізу; "Тоғыз құмалақ","Лапта",
"Қарашы", "Батпен көтеру", "Бес
тас", "Асық" сияқты ұлттық спорт
түрлері мен ойындары бойынша
жарыстар өткізу

9. Кешенді спорт шараларын өткізу
оқушылардың қысқы және жазғы Екі жылда
спартакиадалары бір рет
кәсіптік білім беру жүйесі "-"
оқушылардың спартакиадалары
орта арнаулы оқу орындары
оқушыларының спартакиадалары "-"

10. Жалпы білім беретін жүйесіндегі Тұрақты
"дене мәдениеті үзілісін және
дене мәдениеті минутын",
"сергектік үзілісін" қайта бастау

11. Жалпы білім беру оқушыларына 1996/97 оқу
аптасына 3 сағаттық және жылдары
кәсіптік-техникалық мектептерде
4 сағаттық міндетті сабақтарды
кезең-кезеңмен енгізу

12. Жалпы білім беретін мектептердің 1997 жылғы
мұғалімдеріне кластан тыс дене II тоқсан
мәдениеті-сауықтыру және
спорттық-кешендік жұмыстарын
жүргізгені үшін еңбекақы төлеу
жүйесін әзірлеу

13. Жалпы білім беретін, 1996/97 Бюджетке
кәсіптік-техникалық мектептер оқу жылы көзделген
мен орта арнаулы оқу орындарында қаражат
дене дайындығы жөнінде шегінде
Президенттік тестер енгізу

14. Жалпы білім беретін, Тұрақты
кәсіптік-техникалық мектептер
мен колледждерде оқушылардың
уақтылы сапалы медициналық
тексеруден өтуін қамтамасыз ету

**3. Жоғары оқу орындарындағы дене мәдениеті**

15. Оқу кезеңінде дене мәдениеті "-" "-"
жөніндегі міндетті сабақтардың
жалпы көлемі 450 сағаттан кем
болмауын қамтамасыз ету

16. Студенттермен аудиториядан тыс "-"
жұмыстың тиімділігін арттыру

құралы ретінде бұқаралық спортты қолдану жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу
17. Студенттердің ашық ауада дене жаттығуларымен шұғылдануы үшін қажетті инфрақұрылым жасау "-" "-"
18. Студенттердің негізгі дене шымырлығын арттыруды бағалау үшін есептелетін жылдық және сараланған зачеттер енгізу "-"
19. Жалпы дене тәрбиесі жөнінде, оның ішінде арнайы тестер бойынша/белгілі бір дене тәрбиесін қажет ететін мамандықты игеруші адамдар үшін/бақылау тестерін жүзеге асыру "-"
20. Тиісті спорт ғимараттары мен білікті мұғалімдер құрамы бар жоғары оқу орындарының базаларында спортты жетілдірудегі жоғары оқу орындары аралық топтар құру Тұрақты
21. Қазақстан Республикасның студенттер арасындағы студент спортшыларының бүкіләлемдік қысқы және жазғы универсиадаларға, әлем чемпионаттарына, республикалық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету Тұрақты Бюджетте көзделген қаражат шегінде

**4. Өндірістегі дене мәдениеті**

22. Еңбекшілердің қозғалыс белсенділігінің ғылыми-ұсыныстық көлемін орындауды қамтамасыз ету/аптасына 3-4,5 сағат/ Тұрақты
23. Кәсіпорындар мен ұйымдардың спорттық базасын құру және оны материалдық-кадрлық нығайту Тұрақты
24. Спортпен тұрақты шұғылданған, өз денсаулығын нығайтатын қызметкерлерді әлеуметтік-економкалық ынталандыру 1997 жылғы I тоқсан

жүйесін енгізу
25. Кәсіпорындар мен ұйымдарда Тұрақты
емдеу-профилактикалық, дене
мәдениеті-сауықтыру және бұқаралық
спорт жұмысын ұйымдастыру
26. Кәсіпорындардың бірінде тәжірибе 1997 жыл
ретінде дене мәдениеті-сауықтыру
және спорт ғимараты кешенін ашу
27. Мамандық топтары үшін 1997 жыл
кәсіпкерлік-қолданбалы дене I тоқсан
даярлығы кешенін әзірлеу
28. Кәсіпорындар мен ұйымдардың Тұрақты
қызметкерлері үшін тұрақты жұмыс
істейтін семинарлар ұйымдастыру
29. Еңбекшілердің дене жай-күйінің Тұрақты
деңгейін бағалау мен тестілеу
ұйымдастыру. Дене жаттығуларын
қолдану жөнінде жеке ұсынымдар
әзірлеу

**5. Тұрғылықты және демалыс орны бойынша дене мәдениеті-сауықтыру жұмысы**

30. Әкімдер жанынан дене мәдениеті 1997 жылғы
мен спорт жөнінде қоғамдық I тоқсан
кеңестер құру
31. Дене мәдениеті мен спорт жөніндегі "-"
кеңес туралы үлгі ережені әзірлеу
32. Әрбір қала және село халқының 1996-1997 Бюджетте
тұрған жерлеріндегі пункттерде жылдар көзделген
қарапайым спорт кешендерін, қаражат
алдыңғы кезекте балалар кешендерін шегінде
(алаңдары, сырғанақтары,
теренкулары, хоккей және футбол
алаңдары, жаттығу кешендері т.с.)
құру және жабдықтау
33. Халықтың тұрғылықты жері бойынша Тұрақты
жасөспірімдер клубтарын құру
34. Дене мәдениеті-спорт-ғимараттарының
негізгі мақсатында пайдаланылуын
бақылауды ұйымдастыру

35. Дене мәдениетін сауықтыру және 1996-1997 Бюджетте спорт сабақтарының медициналық жылдар көзделген қамсыздандыру жүйесін құру, қаражат шұғылданушылардың денсаулығына шегінде тұрақты медициналық бақылау жасау

36. Селолық жерлерде жалпы білім 1997 жыл беретін мектептердің, мәдениет үйлерінің, спорт кешендерінің құрамында ағарту, мәдениет және спорт қоғамдық орталықтарын құру

37. Спорт алаңдары мен кешендерін Тұрақты стандартқа сай келмейтін жабдықпен жасау және жабдықтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу

**6. Әскерге шақыруға дейінгі, әскерге шақырылатын жастар мен әскери қызметшілердің дене даярлығы**

**Әскери-техникалық спорт түрлерін дамыту**

38. Әскерге шақыруға дейінгі,әскерге 1997 жыл шақырылатын жастар мен әскери қызметшілердің дене және әскери-техникалық даярлығы жөнінде бағдарламалар әзірлеу

39. Әскерге шақыруға дейінгі, әскерге Тұрақты шақырылатын жастарға арналған бағдарламалар мен тестерге сәйкес жастарды дене даярлығымен қамтамасыз ету

40. Қазақстан Республикасының Қарулы 1997 жылғы Күштері офицерлер құрамының дене I тоқсан даярлығының тестерін әзірлеу және енгізу

41. Оқушылар үйлері мен жас техниктер 1996/97 оқу станцияларында техникалық және жылдары қолданбалы спорт түрлері жөніндегі үйірмелерді қалпына келтіру

42. Облыс орталықтарында жұмыс істеп 1996-1997 жатқан балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің базаларында техникалық

және қолданбалы спорт түрлері бойынша бөлімшелер ашу

43. Техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту үшін спорт техникаларын, радиотехникаларды, басқа мүкәммалдар мен жабдықтарды сатып алуға қаржы бөлу — Тұрақты

44. Техникалық және қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу — Тұрақты — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

**7. Дене және ақыл-ой дамуында ауытқушылығы бар адамдарға арналған спорт**

45. Мүгедектердің жаттығулары үшін дене мәдениеті-сауықтыру және спорт ғимараттарын арнаулы орындар бөлу — 1996-1997 жылдар — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

46. Мүгедектердің дене мәдениеті - сауықтыру клубтары туралы үлгі ережені әзірлеп, бекіту — 1997 жылғы I тоқсан

47. Денсаулық сақтау мекемелерін қоса алғанда мүгедектердің бастапқы оңалту бағдарламасын әзірлеу — 1997 жылғы I тоқсан

48. Мүгедектер арасында спорт жарыстарын өткізу. Халықаралық жарыстарға қатысу — Тұрақты — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

49. Мүгедектерге спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарында болған кездерінде жеңілдіктер жүйесін әзірлеу — 1997 жыл

50. Мүгедектер арасында дене-мәдениеті спорт сабақтары мен жарыстарды| ұйымдастыру үшін ерікті көмекші-волонтерлерді тарту — Тұрақты

**8. Дене мәдениеті - спорттық шаралар**

51. "Денсаулық қозғалысы" жалпыреспубликалық дене-мәдениеті-сауықтыру науқанын өткізу — 1996-1998 жылдар

52. Бұқаралық-спорт шараларының бірыңғай күнтізбелік жоспарын әзірлеу Жыл сайын

53. Спорт ғимараттарының қызметін ретке келтіретін бұқаралық шаралар өткізу кезінде қаіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу 1997 жылғы I тоқсан

54. Халықтың қорғалмаған жіктеріне ақылы дене мәдениеті мен спорт сабақтарына, спорт шараларына қатысқан кездерінде жеңілдіктер жүйелерін әзірлеу Тұрақты

55. Спорт шараларын өткізгенде медициналық қызметкерлердің кезекшілігін қамтамасыз ету Тұрақты

56. Егде адамдардың денсаулығының жай-күйіне тестілеу жүргізу Тұрақты

**9. Жоғары білікті және спорт резервінің спортшыларын даярлау**

57. Спорт түрлерінің ерекшеліктері және оған қосылатын жаңа спорт түрлері туралы жіктеме әзірлеу 1997 жылғы I тоқсан

58. Спортшы-нұсқаушы, спорт командасының жаттықтырушысы; штаттағы ұлттық спорт командасының жаттықтырушысы функционалдық міндеттерін әзірлеу "-"

59. Азия, Еуропа, әлем чемпионаттарында, Азия және Олимпиада ойындарында жоғары көрсеткіштерге жеткен спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын материалдық ынталандыру осы заманғы жүйесін әзірлеу "-" Бюджетте көзделген қаражат шегінде

60. Әлем чемпионаттарында, Олимпиада ойындарында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жетекші спортшылардың және олардың жаттықтырушыларының Тұрақты

тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету

61. Бюджет қаржысы есебінен ұсталатын спорт мектептерінің құрылымы мен жүйесін оңтайландыру, оларды ұстаудың бірыңғай шарттарын әзірлеу 1997 жылғы I тоқсан

62. Үкіметке олимпиадалық резерв училищесін Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің қарамағына беру туралы ұсыныс енгізу "-"

63. Үкіметке БЖСМ жаттықтырушыларының апталық жұмыс жүктемесі туралы ұсыныс енгізу 1997 жылғы I тоқсан

64. Барлық облыс орталықтарында спорттық бағдардағы мектеп-интернаттар ашу, кәсіптехмектептер, АОО және ЖОО базасында спорттың тірек түрінен тәжірибелі командалар мен топтар құру мәселесін қарау 1996-1997 жылдар МБЖТСМ, Бюджетте көзделген қаржы шегінде

65. Спорт түрлері жөніндегі жаттықтырушы-оқытушылардың біліктілігін арттыру Тұрақты

66. Республикада халықаралық спорт жарыстарын өткізу туралы ұсыныстар әзірлеу Тұрақты

67. Тіректік спорт түрлері жөніндегі спорт ғимараттарын белгілеу, оларды осы заманғы мүкаммалмен, жабдықпен жарақтау 1996-1997 жылдар Бюджетте көзделген қаражат шегінде

68. Үкіметке спортшыларды қалпына келтіретін дәрі-дәрмектік құралдармен және белок-глюкоза препараттарымен жабдықтау туралы ұсыныс енгізу 1997 жылғы I тоқсан

69. Қазақстан Республикасының бұқаралық спортты дамытудың 1996-2000 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде аудандық, 1997 жылғы I тоқсан

қалалық, облыстық шаралар әзірлеу

70. Дене мәдениеті мен спортты қаржыландырудың бірыңғай нормативтерін жасау — 1997 жылғы І тоқсан

71. Халықтың дене әзірлігі және "Денсаулық" дене-спорт кешені жөніндегі Президенттік тестердің нормативтері мен талаптарын енгізу — Тұрақты

72. Жиынтық жоспар жасау. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, спорт түрлері жөніндегі федерациялардың, басқа қоғамдық дене-мәдениеті-спорт бірлестіктерінің күш-жігерін үйлестіруді қамтамасыз ету — Жыл сайын

73. Қоғамдық дене мәдениеті спорт бірлестіктерінің қызметіне жәрдемдесу және оны үйлестіру — Тұрақты

74. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі буыны ретінде заңды тұлға құқындағы спорт клубтарын құру — Тұрақты

**10. Дене мәдениеті - сауықтыру және спорт объектілерінің жүйесін дамыту. Оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру**

75. Ведомстволық мүдделілігіне қарамастан барлық спорт ғимараттарын төлқұжаттауды жүргізу — 1997 жылғы І тоқсан

76. Тұрғын үй аудандарын дене мәдениеті-сауықтыру және спорт ғимараттарымен ықшамдап қамтамасыз етудің нормативін әзірлеу. Тұрғын үйлерді қабылдау жөніндегі қабылдау-өткізу комиссиясының құрамына жастар ісі, туризм және спорт басқармаларының (комитеттерінің) өкілдерін енгізу — 1997 жылғы І тоқсан

77. Білім беру және мектепке дейінгі мекемелерді жоспарлау және қайта құруда міндетті түрде дене — Тұрақты

мәдениеті-спорт базасының, оның ішінде жүзу бассейіндерінің болуын көздеу

78. Дене мәдениеті-спорт ғимараттарын Тұрақты құру, ұйымдастыру және тарату тәртібін әзірлеу

79. Спорт ғимараттары құрылысының Тұрақты осы заманғы технологиялық нормаларын әзірлеу

80. Дене мәдениеті - сауықтыру кешені Тұрақты қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

**11. Дене мәдениеті - спорт тауарларымен қамтамасыз ету**

81. Спорттық-туристік саладағы 1997 жылғы тауарлар шығаратын кәсіпорындарды I тоқсан төлқұжаттау

82. Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1997 жылғы спорт және туристік мақсаттағы I тоқсан тауарларды өндіруді ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізу

83. Спорт киімдеріне, мүкәммалдарға, Жыл сайын тренажерлерге, өзін бақылау құралдарына өтінімді ресімдеу және тапсырыстарды дайындаушы кәсіпорындар орналастыру

84. "Қазбасспортқамсыздандыру" МБ 1996-1997 арқылы спорт тауарларымен жылдар қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесін құру

**12. Саланы кәсіби және қоғамдық кадрлармен қамтамасыз ету**

85. Дене мәдениеті мен спортты 1997 жылғы реформалаудағы міндеттерді шешуде, I тоқсан осы салаға кадрларды даярлауда, олардың ведомстволық мүдделілігіне қарамастан дене мәдениеті мамандарының біліктілігін үздіксіз арттыру мен қайта даярлаудың бірыңғай жүйесін әзірлеп, қабылдау

86. Дене мәдениеті мамандарын контрактылық негізде шет елдерге жұмысқа жіберу — Тұрақты

87. Ұлттық құрама командалардың жаттықтырушыларының таяу және алыс шет мемлекеттерде тәжірибе алмасуларын ұйымдастыру — Тұрақты — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

88. Халықтың тұрғылықты жерлерінде және демалысында жұмыс істеу үшін дене мәдениеті мамандарын қайта даярлауды ұйымдастыру, мамандарды материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін құру — Тұрақты — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

**13. Ғылыми-әдістемелік және медициналық қамсыздандыру**

89. Республикадағы медицина институттарының бірінің базасында спорт медицинасы факультетін ашу туралы мәселені зерттеу — 1997 жылғы II тоқсан

90. Антидопингтік лаборатория құру — 1997 жылғы I тоқсан — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

91. Алтынсарин атындағы Қазақ білім беру проблемалары институтының жанынан жалпы білім беру мектептері оқушыларының дене тәрбиесі жөнінде проблемалық лаборатория ашу — 1996-1997 жылдар — Бюджетте көзделген қаражат шегінде

92. Халықтың дене тәрбиесінің проблемалары - спортта жоғары көрсеткіштерді дамыту, спорт резервтерін даярлау жөнінде таяу және алыс шет елдердің жетекші мамандарын қатыстыра отырып симпозиумдар, ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар өткізу — Жыл сайын

| Аяқталу нысаны | Орындаушылар | Бақылау |
|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Денсаулықмині, Жастурспортмині, жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар | | Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі |
| Бұйрықтар | Кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары | | Жергілікті атқарушы органдар |
| | Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік | | Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі |
| Алқа қаулысы | Біліммини | | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| | Біліммини | | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Үкімет қаулысы | Біліммини | | "-" |
| Жұмыс жоспарлары | Жергілікті атқарушы органдар | Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі Біліммини |
| Алқа қаулысы | Біліммини | | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік даму бөлімі |
| "-" | Біліммини | | "-" |
| "-" | Біліммини | | "-" |
| "-" | Біліммини | | "-" |
| "-" | Біліммини | | "-" |
| Үкімет қаулысы | Біліммини | | "-" |
| Еңбекке ақы төлеу жөніндегі нұсқаулық | Біліммини | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғаумині Қаржымини | "-" |
| Үкімет қаулысы | Біліммини | Жастурспортмині | "-" |

Бұйрықтар Біліммині, Денсаулықмині "-"

Алқа қаулысы Біліммині "-"

Жұмыс ЖОО Біліммині
жоспарлары
"-" "-"
Алқа қаулысы "-"
Алқа қаулысы Біліммині, Қорғанысмині Үкімет Аппаратының
ЖОО Әлеуметтік-мәдени даму,
Қорғаныс және құқық
тәртібі бөлімдері
Алқа қаулысы Біліммині, Үкімет Аппаратының
Жастурспортмині Әлеуметтік-мәдени даму
бөлімі
Үкімет қаулысы Біліммині,Жастурспортмині "-"
Әкімдер шешімі, Жергілікті атқарушы Үкімет Аппаратының
кәсіпорындар органдар Аумақтық даму бөлімі
мен ұйымдар
басшыларының
бұйрықтары

Әкімдер шешімі, Кәсіпорындардың, "-"
кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары
ұйымдар жергілікті атқарушы
басшыларының органдар
бұйрықтары

Әкімдер шешімі, Кәсіпорындардың, "-"
кәсіпорындар ұйымдардың басшылары,
мен ұйымдар жергілікті атқарушы
басшыларының органдар
бұйрықтары
"-" "-"
Жастурспортмині Үкімет Аппаратының
кәсіпорындардың, Әлеуметтік-мәдени даму
ұйымдардың басшылары бөлімі

Алқа қаулысы Жастурспортмині, "-" министрліктер, мемлекеттік комитеттер

Жұмыс жоспарлары Жергілікті атқарушы органдар Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі

Кәсіпорындар мен ұйымдар Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларының бұйрықтары "-" мамандары

Әкімдер шешімі Жергілікті атқарушы органдар Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі

Алқа қаулысы Жастурспортмині Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі

Әкімдер шешімі Жергілікті атқарушы органдар Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі

Әкімдер шешімі Жергілікті атқарушы органдар "-"

Жергілікті атқарушы органдар "-"

Жергілікті атқарушы органдар "-"

Әкімдер шешімі Жергілікті атқарушы органдар "-"

Алқа қаулысы Жастурспортмині Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі

Алқа қаулысы Жастурспортмині Біліммині Қорғанысмині Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму, Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімдері

Жастурспортмині Біліммині Қорғанысмині "-"

| | | |
|---|---|---|
| Алқа қаулысы | Қорғанысмині Жастурспортмині, Ішкіісмині, ҰҚК, МТК | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік мәдени даму, Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімдері |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар, Біліммині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| | Жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар | "-" |
| Жұмыс жоспарлары | Жергілікті атқарушы органдар | "-" |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар, спорт ғимараттарының басшылары | Жастурспортмині |
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Алқа қаулысы | Денсаулықмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Жұмыс жоспарлары | Жастурспортмині | "-" |
| Бұйрық | "-" Жергілікті атқарушы органдар | "-" Жастурспортмині |
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині, министрліктер, мемкомитеттер | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Күнтізбелік жоспар | Жастурспортмині | "-" |

| | | |
|---|---|---|
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині, Ішкіісмині, Денсаулықмині | "-" |
| Үкімет қаулысы | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғаумині Жасспортмині Қаржымині | "-" |
| Бұйрықтар | Денсаулықмині, Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| | Жергілікті атқарушы органдар | Жастурспортмині |
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Нұсқаулық | Жастурспортмині, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғаумині | |
| Нұсқаулық | Жастурспортмині, Қаржымині | "-" |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар | Жастурспортмині |
| Үкімет қаулысы | Біліммині, Жастурспортмині жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Үкімет қаулысы | Жастурспортмині, Біліммині, Экономикамині Қаржымині | "-" |
| Үкімет қаулысы | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғаумині Қаржымині Жастурспортмині | "-" |
| Үкімет қаулысы | Жастурспортмині, Біліммині, жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |

| | | |
|---|---|---|
| Оқу жоспарлары | Жастурспортмині, жергілікті атқарушы органдар | "-" |
| Шаралар кестесі | Жастурспортмині | |
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині, министрліктер, мемкомитеттер | "-" |
| Үкімет қаулысы | Денсаулықмині, Жастурспортмині | "-" |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Нұсқаулық | Жастурспортмині, Қаржымині, жергілікті атқарушы органдар | |
| Алқа қаулысы, әкімдер шешімі | Жастурспортмині, Біліммині, жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| | Жастурспортмині, Біліммині, жергілікті атқарушы органдар | "-" |
| | Жастурспортмині | "-" |
| | Жергілікті атқарушы органдар, министрліктер, комитеттер | Жастурспортмині |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы органдар | "-" |
| Нормативтер | Құрылысмині, Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| "-" | Жергілікті атқарушы органдар | "-" |

| | | |
|---|---|---|
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы | Жастурспортмині органдар |
| | Құрылысмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Оқу жоспарлары | Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| | Өнеркәсіпсаудамині, Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Өнеркәсіп саясаты бөлімі |
| | Өнеркәсіпсаудамині, Жастурспортмині | Үкімет Аппараты Кәсіпорындар реформалары бөлімі |
| | Жастурспортмині, жергілікті атқарушы органдар | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| Алқа қаулысы | Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі |
| | Жастурспортмині Ішкіісмині | "-" |
| | Жастурспортмині Ішкіісмині | "-" |
| Әкімдер шешімі | Жергілікті атқарушы | Жастурспортмині органдар |
| | Денсаулықсақтаумині, Жастурспортмині | Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени |

даму бөлімі

| | | |
|---|---|---|
| Премьер-Министрдің | Денсаулықмині, Жастурспортмині | "-" |
| | өкімі | |
| Үкімет қаулысы | Біліммині, Жастурспортмині | "-" |
| Жұмыс жоспары | Жастурспортмині | "-" |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК